

«Ұшқыр ой алаңы» интеллектуалды сайысы

"Біртұтас тәрбие" бағдарламасы аясында "Әділдік пен жауапкершілік" құндылық айында бақшамыздың тәрбиешілері арасында "Ұшқыр ой алаңы" зияткерлік ойынын өткізуді жоспарладық.

Мақсаты:

Тәрбиешілердің жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, академиялық білім деңгейін көтеруге шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, коммуникативтік біліктерін дамыту;

Бүгін біз «Шаңырақ» бөбекжай-балабақшасының педагогтары Білім кемесіне мініп, «Ұшқыр ой» аралына сапар шегеміз. Жол бойы әр түрлі зияткерлік ойындар ойнап, түрлі сұрақтардың жауабын іздейміз.

Бүгінгі интеллектуалды сайысымыз 5 айналымнан тұрады.

1. Ұшқыр ой
2. Құпия сандық
3. Ойлан, тап
4. Айшықты сөздер
5. Сөз мерген

I. «Ұшқыр ой» айналымы:

Мамандыққа қатысты сұрақтар

1. Бөбекжай мен балабақшаның айырмашылығы (**Бөбекжай – 1 жастан бастап, балабақша 3 жастан 1-класқа қабылданғанға дейінгі балаларды тәрбиелейтін орын**)
2. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары қай заңға сәйкес әзірленді? (**Білім туралы Заңға сәйкес**)
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары қашан және қандай бұйрықпен жасалған? (**09.09.2022 № 394**)
4. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарында не берілген? (**Оқу жоспары әр ҰІӘ жас топтарында аптасына неше реттен өткізілетіні**)
5. Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу мақсатындағы нормативтік құжат қалай аталады? (**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы**)
6. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы қандай нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес жасалды? (**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының**)
7. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрі кім (**Ғани Бектайұлы Бисембаев**)
8. Қолданыстағы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты қашан және қандай бұйрықпен қабылданған? (**Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген**)
9. Облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің басшысын атаңыз? (**Күзембаева Бұлбұл Бисембаевна, Отаров Шерхан Табиғатұлы**)
10. Педагогтар аттестациясы қай бұйрық негізінде жүргізіледі? (**ҚР ОАМ 02.04.2024 ж №72 бұйрық**)

2- айналым «Ойлан, тап»

Логикалық сұрақтар. Қатысушыларға қағаз кемелер арқылы 5 сұрақтан карточкалар таратылады.

1-қатысушы:

1. Ақтөбеде біреу Өскеменде жоқ, Алматыда екеу Астанада көп? Ол не?
(“а” әрібі)
2. Алма жегенде ішінен құрт көруден де жаман не болуы мүмкін?
(Құрттың жартысын көру)
3. Біздікі болғанымен басқалар қолданатын нәрсе?
(Есіміміз)
4. Ұзарған сайын қысқаратын нәрсе не?
(Өмір)
5. Жеген сайын жылататын нәрсе?
(Таяқ)

2-қатысушы:

1. Бір кісі найзағай жарқылдаған сайын шашын тарайды екен, неге?
(Фотоға түсіп жатырмын деп ойлайды екен)
2. Қай айда 28 күн бар?
(Барлық айда)
3. Мені ешкім түсінбейді, неге?
(Өйткені ол ешкі ғой)
4. Бірінші төрт аяқты, кейін екі аяқты, одан кейін үш аяқты ол не?
(Адам)
5. Лимонның жартысы неге ұқсайды?
(Екінші жартысына)

3-қатысушы:

1. Король кімнің алдында тәжін шешеді?
(Шаштараздың)
2. Ұрғашы кенгуру қандай жағдайда қатты ашуланады?
(Қалтасындағы баласы бұтына жіберіп қойған кезде)
3. Суды елекпен қалай тасуға болады?
(мұз қылып қатырып)
4. Қай жерде жексенбі сенбіден бұрын келеді?
(Сөздікте)
5. Қатты жылдамдықпен келе жатқан жүк машинаны бір қолымен кім тоқтата алады?
(Жол полициясы)

4-қатысушы:

1. Өлемдегі ең үлкен алма қайда өседі?
(Алма ағашында)
2. Бір бөлмеде 9 свеча жанып тұр, үшеуін сөндірсек қаншауы қалады?
Үшеуі қалады, қалғандары жанып, таусылып жоқ болады
3. Үйдің ең суық жері?
(Сырты)
4. Электровоздың түтіні батысқа қарай созылып жатса, өзі қай бағытқа қарай жүріп жатыр?
(Электровоздың түтіні болмайды)
5. Машинаның қай дөңгелегі айналмайды?
(Запастағы дөңгелек)

5-қатысушы:

1. Елімізде талдармен жасалған қорған қай қалада?
(Талдықорғанда)
2. Есікті ашу үшін не қажет?
(Есіктің жабық болуы қажет)
3. Теңіздің ортасында не бар?
(ң әрпі)
4. Кемпір қашан қыз болады?
(қысылғанда немесе төркініне барғанда)
5. Адам нені бұзғанда қуанады?
(Рекорд)

III-айналым «Құпия сандық» Мақалдың жалғасын табу

1-қатысушы:

1. Білімді өлсе, Қағазда аты қалар.
Ұста өлсе, Істеген заты қалар.
2. Құстың сұлулығы қанатында,
адамның сұлулығы білімінде
3. Жүзігің алтын болғанша,
Жүзің жарқын болсын.

2-қатысушы:

1. Білім арзан, білу қымбат.
2. Қайырымдылық жасасаң,
Қайырын өзің көресің.
3. Ат жақсысын мақта
Адам жақсысын жақта

3-қатысушы:

1. Екпей егін шықпас,
Үйренбей білім жұқпас.
2. Өзінің түйедей мінін көрмеген,
Біреудің түймедей мінін көрер.
3. Айырылмастай досыңа,
Қайырылмастай сөз айтпа.

4-қатысушы:

1. Түстік өмірің болса,
Кештік білім жи.
2. Адамның ұяты бетінде,
Адамгершілігі ниетінде.
3. Жұмсақ ағаш құртқа жем
Жұмсақ адам жұртқа жем

5-қатысушы:

1. Ақылың болса, арыңды сақта
Ар-ұят керек әр уақытта
2. Бетің қисық болса айнаға өкпелеме
Ниетің қисық болса, ағайынға өкпелеме
3. Екі қарға таласса, бір құзғынға жем болар

4-айналым «Айшықты сөз» айналымы

Қазақ тілінде екі сөздің тіркесуінен жасалатын бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер қаншама. Осы сөздердің астарында не жатқаны біреуге мәлім болса, біреуге беймәлім. Сол себептен біз сіздерге ауыз екі сөйлеуінде жиі қолданылатын сөздер жиынтығын беруді жөн көрдік. Әр қатысушыға 3 айшықты сөзден беріледі.

1. Атқамінер – өкім.
2. Алданыш – (бала) сүйеніш ету.
3. Босбелбеу – босаң, иекмсіз.

4. Битін салды – барлық ынтасымен істеді.
5. Жібi түзу – келiстi, жаратылысы жақсы.
6. Итжанды – төзiмдi, берiк.
7. Көзi шыққан – әбден үйренген.
8. Қоян аяғын жеген–көп жүретiн адам.
9. Тышқантiрлiк – ептеп-септеп өмiр сүру.
10. Тiсқаққан – айлакер, кәнiгi.
11. Сорпасы шықты – терледi, қысылды.
12. Майқұйрық – жолы құтты бала.
13. Айталтақ – ерке, шолжаң
14. Қолды болды – ұрланды
15. Бетi бүлк етпедi – ұялмады

5-«Сөз мерген» аялымы 1 минутта 15 сұрақ қойылады

1-қатысушыға:

1. Жалқау сөзiнiң антонимi (Пысық)
2. Жиделi байсын жерiнде Қоңырат дегенде елiнде деп басталатын жыр (Алпамыс)
3. Сөйлемнiң тұрлаусыз мүшелерi (Анықтауыш, толытауыш, пысықтауыш)
4. Сөздердiң қайталануы арқылы жасалатын сөз (Қос сөз)
5. Неше жылда ел жаңа (Елу)
6. Ең iрi сүт қоректi? (кит)
7. Дене қызуын немен өлшеймiз?(Термометр)
8. Тарихтың атасы?(Геродот)
9. Жер өз бiлiгiн қанша сағатта айналып өтедi (24)
10. Адамды адам өткен не? (Еңбек)
11. Түйенiң пiрi (Ойсылқара)
12. Ең үлкен материк? (Еуразия)
13. «Ғылым таппай мақтанба» кiмнiң өлеңi (Абай)
14. Қыз Жiбектiң ғашығы кiм (Төлеген)
15. Ең кiшi жұп сан (2)

2-қатысушыға:

1. Жомарт сөзiнiң антонимi? (Сараң)
2. Екi не бiрнеше адамның сөйлесуi?(Диалог)
3. Рейхстагқа ең алғаш ту тiккен қазақ жауынгерi кiм(Р. Қошқарбаев)
4. Астана қаласы қай өзенiң жағалауында орналасқан? (Есiл)
5. Жетi жарғыны қазақтың қай ханы жазған? (Тәуке хан)
6. Бүкiләлемдiк тартылыс заңын кiм ашты ?(Ньютон)
7. «Менiң Қазақстаным» әнiн шығарған сазгердi ата? (Шәмшi Қалдайяқов)
8. Жылқының пiрi қалай аталады? (Қамбар ата)
9. Жыл басы қай аңға берiлген? (тышқан)
10. Астана қаласының символы? (Бәйтерек)
11. Жетiсу өңiрiнде алтын адам қай жерден табылды? (Есiк қорғаны маңынан)
12. Мұхтар Әуезовтың 157 мемлекет таныған ұлы шығармасын ата? (Абай жолы)
13. Сөйлемнiң тұрлаулы мүшелерiн ата? (Бастауыш, Баяндауыш)
14. Нешеу түгел болса төбедегi келедi? (Төртеу)
15. Мағынасы қарама қарсы сөздер? (Антоним)

3-қатысушыға:

1. Реніш сөзінің антонимі? (Қуаныш)
2. Астана қаласындағы Бәйтерек монументінің биіктігін айтыңыз, (97 метр)
3. Жердің табиғи серігі? (Ай)
4. Еліміздің мұнай өндіретін облысы? (Маңғыстау, Атырау)
5. АҚШ-тың Астанасы? (Вашингтон)
6. Дүние жүзінің чемпионы, балуан атамыз? (Қажымұқан)
7. Ең үлкен екі таңбалы сан? (99)
8. Құмырсқа өз илеуін ағаштың қай жағына салады? (оңтүстігіне)
9. Қозы-Көрпеш ғашығы? (Баян Сұлу)
10. Массаның өлшем бірлігі? (килограмм)
11. *Заттың түрін, түсін, сапасын, көлемін білдіретін сөз табы?*(сын есім)
12. Қазақстан жер өлшемі бойынша дүние жүзінде нешінші орында? (9-шы орында)
13. Ненің шұңқырын көрмейміз? (желкенің)
14. «Қырық өтірік» өлеңінде өтірік өлеңді кім айтты? (Тазша бала)
15. Дүние жүзінде ең халқы көп мемлекет? (Қытай)

4-қатысушыға:

1. Әдемі сөзінің синонимі? (Керікті, сұлу)
2. Термометрге қандай металды пайдаланады? (Сынап)
3. Англия астанасы? (Лондон)
4. Қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы? (Жақсылық Үшкемпіров)
5. Қатқан су? (мұз)
6. Заттың қимыл іс-әрекетін білдіретін сөз табы? (Етістік)
7. Кебектің ғашығы кім? (Еңлік)
8. Жер шарында неше материк бар? (Алты)
9. Ненің сүті тілінде? (сиыр)
10. Салмақты немен өлшейміз? (Таразы)
11. Африкадағы құмды шөл? (Сахара)
12. Натурал санға жатпайтын сан? (0)
13. Сиырдың пірі кім? (Зеңгі баба)
14. Тура биде кім жоқ? (Туыс-туған)
15. Килограмм қай шаманың өлшем бірлігі? (масса)

5-қатысушыға:

1. Қысқа сөзінің синонимі? (Аласа)
2. Мұздың еріген түрі? (Су)
3. Адам немен дем алады? (оттегі)
4. Канаданың астанасы? (Оттава)
5. Абайдың неше қара сөзі бар? (45)
6. «Ақ маржан» аталатын дәнді дақыл? (Күріш)
7. Баян Сұлу ғашығы? (Қозы Көрпеш)
8. Іс-әрекеттің қашан қайда жасалғанын білдіретін сөйлем мүшесі? (Пысықтауыш)
9. Жер шарында неше мұхит бар? (Төрт)
10. Қазақ хандығының ең алғашқы ханы кім? (Керей мен Жәнібек)
11. Қай сан барлық санға қалдықсыз бөлінеді? (1)
12. Қыз ұзатудағы қыздың әні? (Сыңсу)
13. Қан беруші адам? (Донор)
14. Сүйінбай қай ақынның пірі болған? (Жамбыл)
15. Қазақстандағы ең ұзын өзен? (Ертіс)

Қосымша сұрақтар:

1. МДҰ-да балаларды Физикалық дамыту не арқылы іске асырылады?
Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады
2. Күн сайын ойын түрінде, қоршаған ортамен таныстыру және қауіпсіздік ұйымдастырылған іс-әрекетін жүзеге асыру арқылы қандай дағдыларды қалыптастырамыз?
Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру және қауіпсіздік ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.
3. Қай жастағы балалар ересектердің көрсетуі бойынша қимылдарды қайталайды? **Ерте жастағы балалар**
4. Үлгі мен ауызша нұсқауға сүйеніп, тапсырмаларды орындайды; заттарды негізгі түсі, көлемі, пішіні бойынша ажыратады. Қай жастағы балалар және қандай ұйымдастырылған іс-әрекет? **2-жастағы балалар, Сенсорика ҰІӘ**